

**Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының
«Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері
туралы аналитикалық анықтама**

Өскемен қаласы

2022 жылдың 01 шілдесі

«Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінде Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес «Мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдайды» 2022 жылдың 28-30 маусым аралығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаумен Бөлімнің 2021 жылғы 01 қаңтарынан бастап 2022 жылдың 30 маусымы аралығындағы қызмет кезеңі қамтылды.

Алға қойған мақсаттарға қол жеткізу үшін «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі 8 міндеттер мен 37 қызметтер атқарады.

«Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Сауле Бауржановна Алагузова басшы лауазымына 2021 жылдың 26 мамыр күні тағайындалған (Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы басшысының 2021 жылғы 26 мамырдағы № 23 бұйрығы).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша өткізілді:

- 1) нысанның қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді анықтау;
- 2) нысанның ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді анықтау.

**I. «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің қызметіне қатысты
нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық
тәуекелдерді анықтау – бағыты бойынша**

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсетуді талдау барысында «Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бірінші сыныбына баратын баланың ата-анасынан немесе өзге де заңды өкілдерінен құжаттарды қабылдау» бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 9-2 тармағының

талаптарына сәйкес ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 сәуірінен бастап 1 тамызы аралығында жүзеге асырылады. Сонымен қатар көрсетілетін мемлекеттік қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілетін қызметті алушының өтінішті беру мерзімдерінің арасындағы алшақтық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негіздемесінде көрсетілмеген. Бұл ретте мемлекеттік қызмет стандартында көрсетілетін қызметті алушыдан өтініш 1 тамыздан кейін келіп түскен жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қандай шешім қабылдауы қажет екендігі айқындалмаған.

Сондай-ақ, осы мемлекеттік қызмет Стандартының 5-тармағына сәйкес қызмет беруші хабарламада ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап қызмет беруші қызмет көрсету аумағындағы қызметті алушының алғашқы үштігіне ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап оқуға қабылдау туралы, кейіннен – ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап қызмет көрсету аймағынан емес, бірінші тіркелгендердің 1 (бір) өтініш берушіге қабылдау туралы хабарлайды деп жазылған. Стандартқа сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің екі жолы бар: 1) «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы; 2) көрсетілетін қызметті беруші. Өтінішті екі көзден (портал арқылы электронды түрде және кеңсе арқылы қағаз түрінде) қабылдау кезінде, бірінші болып тіркелген мектептің қызмет көрсету аймағынан емес оқуға түсуге үміткерді анықтау барысында шешім қабылдауда тәуекелдер туындайды.

II. Екінші бағыт бойынша – бөлімнің ұйымдастыру-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді анықтау

1) Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың алмасуы

«Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» ММ штаттық саны 30.06.2022 жылғы жағдай бойынша **81,75** бірлікті құрайды.

«Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» ММ жалпы қызметкерлер санынан 2021 жылдың 01 қаңтарынан бастап 2022 жылдың 30 маусымы аралығында жұмысқа қабылданғандар 26 адам; жұмыстан босатылғандар 23 адам (*жұмыскердің бастамасы бойынша*).

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» ММ бос орындар саны - 15 бірлік.

2) Мүдделер қақтығысын реттеу

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 14-бабының 1-тармағына сәйкес жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар (өз қызметін тұрақты емес немесе басқа жұмыстан босатылған негізде жүзеге асыратын мәслихат депутаттарын қоспағанда) және мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар (Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттарының депутаттығына, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органдарына мүшелікке кандидаттарды қоспағанда), лауазымды адамдар өздерінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары

дейінгі) мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жолдау үшін кезекке қою бойынша 17062 қызмет көрсетілген, соның ішінде:

01.01.2021 – 31.12.2021ж.ж. – 10078;

01.01.2022 – 01.07.2022ж.ж. – 6984.

«Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыру».

Қызметті көрсету формасы электронды (жартылай автоматтандырылған) қағаз.

2021 жылы жалпы білім беретін мектептермен оқушыларды тегін тамақтандыру бойынша 9773 қызмет, 2022 жылдың қаңтарынан бастап мамыр аралығында 386 қызмет көрсетілді.

«Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат түрінде оқуға рұқсат беру».

Қызметті көрсету формасы электронды (толығымен автоматтандырылған).

2021 жылы экстернат түрінде оқуға рұқсат беру бойынша 4 қызмет, 2022 жылы 2 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Қамқоршылық және қорғаншылық органымен отбасы және балалар саласында 10 мемлекеттік қызмет көрсетіледі:

кәмелеттік жасқа толмаған балалардың мүлкіне иелік ету және кәмелеттік жасқа толмаған балаларға мұрагерлік ресімдеу үшін анықтама беру – көрсету мерзімі 3 күн;

қамқоршылық және қорғаншылық бойынша анықтама беру – 30 минут;

жетім-баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемдер тағайындау – 5 күн;

балаларды асырап алуға тілек білдірген тұлғаларды есепке қою – 10 күн.

Мемлекеттік корпорация (ХҚКО) немесе электрондық үкімет порталы арқылы 3 қызмет көрсетіледі:

жетім-балаға (жетім-балаларға) немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға (балаларға) қамқоршылық немесе қорғаншылық белгілеу – 19 күн;

жетім-баланы (жетім-балалар) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балалар) ұстауға қамқоршысына немесе қорғаншысына жәрдемақы төлемдерін тағайындау – 1 күн;

баланы (балаларды) патронаттық тәрбиеге беру және патронаттық тәрбиешілерге тапсырылған баланы (балаларды) ұстауға ақшалай қаражат төлемдерін тағайындау – 10 күн.

Қызмет алушының жергілікті атқарушы органдарға жүгіну немесе электрондық үкімет порталы арқылы өтініш беру арқылы 1 қызмет көрсетіледі:

баланы (балаларды) асырап алған отбасына тәрбиелеуге тапсыру және оларды ұстауға ақшалай қаражат төлемдерін тағайындау – 10 күн;

Мемлекеттік корпорация немесе жергілікті атқарушы органдар арқылы 1 қызмет көрсетіледі:

балаға теріс ықпал ететін ата-аналық құқығынан айырылған ата-аналарға баласымен кездесуге рұқсат беру – 5 күн.

Жергілікті атқарушы органдармен қағаз түрінде 1 қызмет:

қамқоршылық және қорғаншылық органымен он жасқа толған баланың пікірін есепке алу туралы шешім беру – 10 күн.

Тұтынушылар тарапынан қызметтер көрсету бойынша арыз-өтініштер: 2021 жылы – 1, 2022 жылы 2.

3.1. Мемлекеттік қызмет көрсету барысында қызмет көрсетуші мен қызмет алушы арасында тура байланыстың болуы жемқорлық қатынастардың көріністеріне ықпал етеді.

Стандарттың 3-тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет облыстың жергілікті атқарушы органдарымен көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін өтініш қабылдау және нәтижесін беру қызмет беруші арқылы жүзеге асырылады.

Өтініш тікелей қызмет берушінің кеңсесі арқылы берілген жағдайда қызмет алушы мен қызмет берушінің арасында тура байланыс орын алуы мүмкін, демек мемлекеттік қызмет көрсету кезінде заңсыз ілтипат көрсету түріндегі жемқорлық тәуекел орын алуы мүмкін.

Осындай нормалар «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» ММ көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің барлық стандарттарында бар.

Ұсыныс:

1) «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» ММ басшысына жоғары тұрған басшылық алдында бейінді Министрлікте аталған қызметтерді «электрондық үкімет» веб-порталы және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы алу тәсілін қарастыру туралы мәселесін көтеру ұсынылады.

4) Рұқсат беру қызметтерін жүзеге асыру;

Рұқсат беру қызметтерін орындау «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» ММ рұқсат беру қызметтерін жүзеге асырмайды.

5) Бақылау қызметтерін жүзеге асыру;

Бақылау қызметтерін орындау: «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» ММ бақылау қызметтерін жүзеге асырмайды.

6) Бөлімшенің ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын басқа да мәселелер.

6.1. Жеке және заңды тұлғалардың арыз-өтініштері:

2021 жылдың қаңтарынан бастап 2022 жылдың маусым аралығында «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» ММ 644 арыз-өтініш келіп түскен: оның 453 жеке және 191 заңды тұлғалардан.

Негізінен арыздар қамқоршылық және қорғаншылық, мектеп және мектепке дейінгі білім беру мәселелері бойынша түскен.

6.2. Бөлімшеге қатысты мемлекеттік органдар бұрын жүргізген тексерулердің нәтижелері:

1. 2022 жылдың ақпанынан бастап мамыр аралығында «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің

Шығыс Қазақстан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ-сі балабақшалар (КМҚК) мен қамқоршылық және қорғаншылық органы, балалар құқықтарын қорғау секторын (құжаттар пакетінің толық болмауына байланысты қамқоршыға заңсыз төлем жүргізу) және «Фаворит» бухгалтерлік есепу бағдарламасын (шарттар жасасу бойынша) тексерді.

№ 5 «Арай» балабақша-бөбекжайы» КМҚК және № 9 «Арман» балабақша-бөбекжайы» КМҚК бойынша бұзушылықтар орын алды, бұзушылықтар тексеру барысында жойылды.

Білім бөлімімен кәмелетке толмағандарға қамқоршылық белгілеу және «Фаворит» бухгалтерлік есепу бағдарламасы бойынша 2 қарсылық жолданды.

Ішкі мемлекеттік аудит департаментінен қамқоршылық және қорғаншылық бойынша біздің әрекеттеріміздің заңды екенін растайтын жауап келді.

Ішкі мемлекеттік аудит департаментінен «Фаворит» бухгалтерлік есепу бағдарламасы бойынша біздің қарсылығымыздың мемлекеттік аудит бойынша апелляция департаментіне жіберілгені туралы жауап келді.

6.3. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар: аталған кезеңде «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» ММ бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар шыққан жоқ.

6.4. Прокурорлық қадағалау актілері.

Өскемен қаласы прокуратурасының 08.07.2021 жылғы № 2-150107-21-05932 заңдылықтың бұзылуын жою туралы ұсынымы негізінде қорғаншылық және қамқоршылық органы, балалар құқықтарын қорғау секторының меңгерушісі Нугуманова Д.Б. тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

6.5. Сот актілері.

Көрсетілген кезеңде «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» ММ қатысты Шығыс қазақстан облысы Өскемен қалалық сотының сот актілері болған жоқ.

6.6. Тәртіптік жауапкершілікке тарту.

Көрсетілген кезеңде ведомствоға қарасты екі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының ЭЦҚ пайдалану бойынша заң бұзушылықтар орын алды, олар: № 4 «Сәулетай» балабақша-бөбекжайы» КМҚК және «№ 18 орта мектебі» КММ. Аталған білім беру ұйымдарының директорлары өздерінің кілттерін бухгалтерлеріне тапсырған, соның салдарынан бюджеттік қаражатты ұрлау фактілері орын алған. ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігінің ШҚО бойынша департаментінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) қылмыстық құқық бұзушылық және басқа да заң бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайларды жою туралы Ұсынымы негізінде аталған білім беру ұйымдарының директорлары қатаң сөгіс түрінде тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

6.7. Қызметкерлерді көтермелеу, жариялылық және ашықтық.

Білім бөлімінің қызметкерлеріне сыйақы беру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы № 1127 "Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне сыйақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық айлықақыларына үстемеақылар белгілеу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 21 мамырдағы № 302 "Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысына өзгертулер енгізу туралы» қаулысына сәйкес жүзеге асырылды, 2021 жылға және 2022 жылдың 6 айында төленген сыйақының жалпы сомасы 36 585 000 теңгені құрады.

6.8. Бюджетті қалыптастыруға қатысушыларды жауапкершілікке тартудың және жоспарлаудың барлық кезеңдерінде жауапкершіліктің аражігін ажыратудың тиімді тетігін құру.

Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі 2021 жылдың қаңтар-желтоқсан айлары мен 2022 жылдың 6 айы аралығында өткізілген мемлекеттік сатып алудың жалпы сомасы 15 964 764 548 теңгені құрайды, оның ішінде 17 665 554 теңге бағалы ұсыныстарды сұрату әдісімен сатып алынды. Бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жалпы сомасы 15 212 988 655 теңге, оның ішінде 12 647 907 000 теңге - мемлекеттік тапсырыс негізінде балабақша балаларын мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту бойынша тәрбие және білім беру қызметін жүргізу, сондай - ақ 2 554 258 000 теңге-мемлекеттік тапсырыс негізінде қосымша білім беру бойынша білім беру және тәрбие қызметін жүргізу.

Сонымен қатар өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен 7 730 277 теңгеге және Электрондық дүкендер арқылы сатып алу тәсілімен 378 060 теңгеге сатып алу жүргізілді.

Заңнамаға сәйкес тендерді ұтып алған тұлға, тауардың немесе жұмыстың толық сипаттамасымен бағасы туралы ақпарат goszakup.gov.kz. мемлекеттік сатып алу веб-порталында көрсетілген.

Жұмыс тобының құрамы:

Шарипова Д.О. _____

Турарова Г.К. _____

Абишова Э.Н. _____

Калдыбаев Д.Ж. _____

Капезова Е.Ж. _____

Аналитикалық анықтамамен таныстым:

«Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» ММ басшысы

Алагузова С.Б. _____